

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында Мойынқұм ауданы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі N 131 қаулысы. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 мамырда 6-7-81 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 359 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық әкімдігінің 19.11.2015 № 359 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27 бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асystru туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оку орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды үйимдастыру және жүргізу үшін келесі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Естаев Мұратхан Тұрарханұлы Мойынқұм ауданы әкімінің орынбасары,

комиссия төрағасы;

Даминов Галмат Тұрдахметұлы "Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Комиссия мүшелері:

Кемалов Елубай Уәйділдаұлы "Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті Мойынқұм ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Байманасова Жұлдыз Алтыбайқызы "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Мойынқұм аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бас дәрігерінің орынбасары, дәрігерлік комиссия төрайымы (келісім бойынша)

Козова Жанна Нығманқызы "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Мойынқұм аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

3. "Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті Мойынқұм ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) өздерінің құзыretі шегінде әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 сәуірінен туындаитын қатынастарға таралады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
М.Естаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

C.Арубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

бастығы F.Даминов

17.04.2012 жыл

"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық

сақтау басқармасы Мойынқұм аудандық

орталық ауруханасы" шаруашылық

жүргізу құқығындағы мемлекеттік

коммуналдық кәсіпорнының

бас дәрігері

Г.Кемелқұлова

17.04.2012 жыл

"Жамбыл облысының Ішкі істер

Департаменті Мойынқұм ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бастығы Ж.Орынбеков

17.04.2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК